



Автор: Тулеуова Бибигул

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Махаббат және абырой

Тақырып: Д.Исабеков "Әпке" драмасы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.1.4.1.Көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану.
Сабақтың мақсаты:	Көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолданады.
Тілдік мақсаттар:	Кейіпкер бейнесі, тартыс, оқиғаның өрбуі, дәлелдеу үшін, бұл үзіндіден, жазушының айтайын дегені.
Күтілетін нәтиже:	Топта, жұпта, жеке жұмыс жасайды. Өз ойын ашық айтады. Пікіріне дәлел, мысал келтіреді.
Бағалау критерийлері:	- Өз көзқарасына сай үзінділерді табады. - Берілген үзінділерге қатысты өз көзқарасын білдіреді.
Құндылықтарды дарыту:	Жауапкершілік (жұптық, жеке жұмыста жауапкершілік қасиет танытады) Құрмет (жұмыс барысында өзіне және өзгеге құрмет көрсетеді)
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Таныстырылым арқылы ақпарат қабылдайды.
Пәнаралық байланыс:	Өзін-өзі тану, қазақ тілі, орыс тілі.
Бастапқы білім:	Драманың мазмұнын біледі. Кейіпкерлер бейнесін таниды.
Командалық сабақ	Серіктес мұғалім Аязбаева Назымгүл

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Ұйымдастыру бөлімі: 1. Мұғалімнің сыныппен амандасуы, назарын сабаққа аудару 2. Қызығушылықты ояту. «Стикердегі диалог». Ортаға 1 оқушы шақырылады. Оқушының төбесіне кейіпкерлер есімі жазылған парақ көтеріледі. Оқушылар кейіпкерді табуға оның драмадағы сөзі арқылы көмектеседі. 1. Ермек 2. Омар 3. Кәмила 4. Қабен 5. Көрші әйел Сабақтың тақырыбы анықталып, сабақтың мақсаты мен жетістік критерийлері белгіленеді.	1,2,3 - слайдтар

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (30 минут)	I. Топтық жұмыс. «Әпке» спектаклінен үзінді бейнежазба көрсетіледі. «SWOT» талдау тәсілі бойынша кейіпкерге қатысты мәліметтерді іріктеп, жүйелейді, өзіндік пікір, дәлел, мысал, қарсы дәлел, қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысалдар келтіреді. Бейнекөрсетілім. I топ - Қамажай II топ – Нәзила III топ - Тимур IV топ – Ермек Күшті ӘлсізМүмкіндігі Қаупі <i>Дескриптор</i> Үзіндіге қатысты өзіндік пікірлерін айтады; Өз пікірлеріне дәлел, мысалдар келтіреді. <i>ҚБ «Екі жұлдыз, бір тілек»</i> II.Жұптық жұмыс «Екі жақты күнделік» Үзінділердің бірін алып, пікірін білдіреді. Үзінді Менің пікірім 1.Мен... Мен олардың әпкесі емеспін, анасы көз жұмған сәттен бастап мен оларға ана болғанмын. 2.Бұларың дұрыс емес.Жұмыстың жаманы жоқ. 3. Бұл кісінің жұмысқа орналасуы заңды, бірақ біз үшін күтпеген жайт. Демек, біздің семьяда шығын көп те, кіріс аз. 4. Тоқтатыңдар күлкіні. Енді ағаңның алдына бар. Ең әуелі соның рұқсатын алуың керек. 5.Осы шаңырақтың белді мүшесі, әрі басшысы Оспанова Қамажайдың өзге отбасы мүшелерімен ақылдаспай , өз бетінше жұмысқа орналасқаны бәріміздің ашуымызды қоздырғаны белгілі. 6. Үйдегі төртеуі төрт азамат болмай, өз басымның қамын ойлауға хақым жоқ. Өз жөнін тауып әке кетті, талқаны таусылып шеше байғұс арманда ол кетті <i>Дескриптор</i> 1.Үзіндінің айтайын деген ойын түсінеді; 2.Мәселеге қатысты өз ойын білдіреді. <i>ҚБ «Кім үздік?»</i> Топтар 1 жұптың жұмысын ұсынады. Үздік жұптық жұмыстар оқылады Смайликтер арқылы бағаланады. III. Жеке жұмыс. Берілген ұғымдар сөз болатын үзіндіні тауып, жазушының айтайын деген ойын түсіндір. Өз көзқарасыңды да білдір. 5e4fd22860c02.png Image not found or type unknown <i>Дескриптор</i> 1.Тақырыпқа сәйкес үзінділерді табады; 2.Жазушының айтайын деген ойын түсіндіреді. 3.Өз көзқарасын білдіреді. <i>ҚБ «Автор орындығы»</i>	Бейнежазба Қамажай мен Тимур http://smk.edu.kz порталынан алынды. 4- слайд 5- слайд 6- слайд 7-слайд
Сабақтың соңы (5 минут)	Кері байланыс. Мұғалімнің сабақты қорытындылауы Сабақ мақсаты мен критерийлеріне сілтеме.	8-слайд

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия (5 минут)	Рефлексия 8-слайд Image not found or type unknown Кері байланыс.	8-слайд